

**«AML ACADEMY» қаржылық мониторинг академиясы мен
«Қызылорда ашық университеті» білім беру мекемесі арасындағы
дайындық және оқыту саласындағы ынтымақтастық және өзара
іс-қимыл туралы
МЕМОРАНДУМ**

Астана қаласы

«30» 01 2024 жыл

«AML ACADEMY» қаржылық мониторинг академиясы бұдан әрі «Академия» деп аталатын, Жарғы негізінде әрекет ететін Академия ректоры Ергали Серикбаевич Мерзадинов атынан, бір жақтан және «Қызылорда ашық университеті» білім беру мекемесі одан әрі «Университет» деп аталатын Жарғы негізінде әрекет ететін Ректор Бисенов Қылышбай Алдабергенұлы атынан екінші жақтан, әрі қарай бірлесіп «Тараптар» деп аталады,

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сүйене отырып, дайындық пен оқыту заманауи және тиімді формаларды, әдістер мен құралдарды қолдануды қажет ететіндігін ескере отырып,

кылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға (бұдан әрі – АЖ/ТҚК) қарсы іс-қимыл ақшаны жылыстатуға, терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі ұлттық және халықаралық стандарттарды мойындай отырып, оқытудың заманауи және тиімді нысандарын, әдістері мен құралдарын пайдалануды талап етеді,

Ақшаны жылыстатуға, терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі халықаралық стандарттарды мойындай отырып,

КЖ/ТҚК саласындағы мәселелерді келісілген және жедел шешудің тиімділігін назарға ала отырып,

төмендегілер туралы келісімге келді:

1-тарау. Меморандум нысаны

1. Осы Меморандум дайындау және оқыту мақсатында ынтымақтастық пен өзара іс-қимылға бағытталған және Қазақстан Республикасы ратификациялаған ұлттық заңнаманы және халықаралық шарттарды ескере отырып, Тараптардың даярлау және оқыту саласындағы функцияларын тиімді орындауға қол жеткізуді қамтамасыз етуге арналған.

2-тарау. Тараптардың өкілеттіктері

2. Академия Жарғыға сәйкес КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚІ ұлттық жүйесінің барлық қатысушыларын жүйелі негізде кейіннен сертификаттай отырып, оқытуды,

даярлауды және біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын акционерлік қоғам болып табылады.

3. Университет мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары мен тиісті білім беру бағдарламаларын орындау негізінде адамның адамгершілік, зияткерлік, мәдени дамуы және кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мақсатында білім берудің әртүрлі деңгейлерінің бағдарламалары іске асырылатын білім беру ұйымы болып табылады.

3-тарау. Дайындық және оқыту саладағы ынтымақтастық және өзара іс-қимыл

4. Тараптар арасындағы ынтымақтастық теңдік пен өзара түсіністік негізінде жүзеге асырылатын болады.

5. Осы Меморандумның 1-тармағын іске асыру мақсатында Тараптар мынадай бағыттар бойынша ынтымақтастықты және өзара іс-қимылды жүзеге асырады:

1) дайындық және оқыту бойынша бірлескен іс-шараларды әзірлеу және өткізу;

2) білім беру процесін ұйымдастыруда және жүзеге асыруда тәжірибе алмасу;

3) бірлескен оқу іс-шараларын (симпозиумдар, коллоквиумдар, конференциялар, практикумдар, тренингтер мен семинарлар) өткізу;

4) конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер өткізу арқылы білім туралы Заң мен өзге де нормативтік-заңнамалық актілерді қолдану тәжірибесі мен практикасымен алмасу;

5) Академия практика (тағылымдама) кезеңіне Академиядан басшы тағайындай отырып, университет студенттері, магистранттары, докторанттары үшін практика (тағылымдама) базасын ақылы негізде ұсынуға дайын; Академия университетпен бірлесіп жоспар жасайды, тағылымдама бағдарламасын бекітеді;

6) Тараптардың білім беру және ғылыми қызметі туралы ақпарат алу үшін танысу сапарларын қоса алғанда, тағылымдаманың өзге де нысандарын өзара ұйымдастыру;

7) Тараптар кадрларының біліктілігін арттыру бойынша бірлескен іс-шаралар өткізу;

8) Тараптар өткізетін халықаралық симпозиумдарға, коллоквиумдарға, конференцияларға, практикумдарға, тренингтер мен семинарларға қатысу мүмкіндігін беру;

9) бірлескен ғылыми, зерттеу, ғылыми-техникалық, іргелі және қолданбалы жұмыстарды жүргізу; олардың нәтижелерін жариялау;

10) өткізілетін іс-шаралар туралы жарияланымдармен, ғылыми зерттеулермен, оқу-әдістемелік әдебиеттермен, мерзімді басылымдармен, ақпаратпен алмасу;

11) Тараптар өткізетін оқу және ғылыми іс-шараларға қатысу үшін жетекші ғылыми қызметкерлерді, сарапшыларды шақыру;

12) тізбесі Тараптардың өзара келісімі бойынша жаңартылуы және толықтырылуы мүмкін ынтымақтастықтың басқа да бағыттары.

6. Осы Меморандум шеңберіндегі бірлескен қызмет мынадай формада жүзеге асырылатын болады:

1) тәжірибе және ақпарат алмасу;

2) бірлескен бағдарламаларды үйлестіру;

3) бірлескен жұмыс топтарын құру;

4) Тараптар үшін өзекті мәселелер бойынша өзара кеңес беру;

5) кездесулер, конференциялар, семинарлар ұйымдастыру.

7. Тараптар қызметтік, коммерциялық, банктік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты сақтауға, қорғауға және сақтауға қойлатын Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтай отырып, сұрау салулар негізінде олардың жұмысына жататын өзге де ақпаратпен алмасуға құқылы.

8. Тараптардың халықаралық және жергілікті деңгейдегі ынтымақтастығы:

1) Тараптардың кез келгені және/немесе басқа да халықаралық дайындық және оқыту ұйымдары ұйымдастырған пленарлық отырыстарға, семинарлар мен тренингтерге қатысу;

2) дайындау және оқыту саласындағы заңнамалық өзгерістер мәселелері бойынша Тараптардың кез келгені ұйымдастырған Қазақстан үкіметімен және/немесе Парламентімен тиісті іс-шараларға/кездесулерге қатысу;

3) дайындық және оқыту саласындағы заңнамалық (заңдар, ережелер, талаптар) және/немесе әкімшілік (құрылымдық және функционалдық) өзгерістерді түсіндіруге бағытталған тиісті іс-шараларға қатысу;

4) дайындық және оқыту шеңберінде тыңдаушылар үшін вебинарлар, семинарлар мен тренингтер ұйымдастыру бойынша Тараптардың бірлескен жұмысы;

5) Тараптар арасында халықаралық, өңірлік және жергілікті деңгейлерде дайындық және оқыту саласында ақпарат және тәжірибе алмасу.

4-тарау. Ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету

9. Тараптар таратушы Тарап құпия ретінде белгілеген ақпаратты алушы Тарап тек қана:

1) дайындық және оқыту;

2) тыңдаушыларды даярлау мен оқытудың тиімділігін қамтамасыз ету және арттыру мақсатында пайдалануы мүмкін екенін мойындайды.

10. Тараптар мен олардың қызметкерлері құпия ақпаратты жария еткені үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

5-тарау. Осы Меморандумның күшіне ену және оның қолданылуын тоқтату тәртібі

11. Осы Меморандум оған екі тарап қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Тараптардың кез келгені оның қолданысын тоқтатқанға дейін күшінде қалады.

12. Осы Меморандумның қолданылуын тоқтатқысы келетін Тарап осы Меморандумның қолданылуы тоқтатылғанға дейін кемінде күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын тоқтатылу себептерін көрсете отырып, екінші Тарапты осындай шешімі туралы жазбаша хабардар етеді.

13. Осы Меморандумға өзгерістер мен оған толықтырулар Тараптардың өзара келісімі бойынша енгізілуі және оның ажырамас бөліктері болып табылатын жекелеген қосымша келісімдермен ресімделуі мүмкін.

14. Осы Меморандумға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар оларды Тараптар жазбаша ресімдеген және қол қойған жағдайда күшіне енеді.

6-тарау. Қорытынды ережелер

15. Қажет болған жағдайда Тараптар осы Меморандумның қолданысына жататын мәселелерді талқылау және шешу үшін өзара тиімді шарттармен кездесуді қамтамасыз етеді. Осындай кездесулерде, оның ішінде осы Меморандумды іске асыруға байланысты мәселелер талқыланады.

16. Осы Меморандумды түсіндіруге және (немесе) қолдануға байланысты Тараптар арасындағы даулар консультациялар мен келіссөздер жүргізу жолымен шешіледі. Осы Меморандум әрбір Тарап үшін бір данадан 2 (екі) түпнұсқа данада жасалды, әрбір данасы мемлекеттік және орыс тілдерінде және бірдей заңды күші бар.

7-тарау. Тараптардың заңды мекенжайы және реквизиттері


**«AML ACADEMY» қаржылық
мониторинг академиясы
акционерлік қоғамы
010000, Қазақстан, Астана қ.,
Ш. Уәлиханов көшесі, 11
тел. 87172-27-80-36**



Д.К. Шағатаев

2024 жылғы «__» қаңтар

**«Қызылорда ашық университеті»
білім беру мекемесі
120014, Қазақстан, Қызылорда қ.,
Ғ.Мұратбаев көшесі, 72
8 7242246047
e-mail: ashykuniver@mail.ru**



Қ.А. Бисенов

2024 жылғы «__» қаңтар

